

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 ақпандағы N 132 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 1427 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 91 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 26.02.2015 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жинақтаушы зейнетақы қорларының комиссиялық сыйақы алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 ақпандағы N 132 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 6, 63-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларының комиссиялық сыйақы алу ережесінде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы Ереженің 2 және 3-тармақтарына сәйкес есептелген есепті айдағы комиссиялық сыйақының сомасы есепіден кейінгі айдың алтыншы жұмыс күнінен кешіктірмей жинақтаушы зейнетақы қорының ағымдағы шотына аударылуға тиіс. Аудару кастодиан банктің, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның және жинақтаушы зейнетақы қорының не кастодиан банк пен зейнетақы активтерін дербес инвестициялауды жүзеге асыру кезінде жинақтаушы зейнетақы қорының уәкілетті өкілдері қол қойған салыстырып тексеру актісінің негізінде жүргізіледі."

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің*

міндетін атқарушы